

**Таңжарық пен Петефи шығармашылығындағы ұқсастықтар**

Біз тарих беттерін парақтап қарағанымызда одан халықтың еркіндік-теңдігі мен бақыты жолында ерлікпен күрес жасаған, әрі осы жолда өзінің қымбатты өмірін арнаған көптеген от жүрек ақын-жазушыларды көреміз. Олардың өмір кешулері мен өмір философиясы, бұрынғылардың жолына мұрагерлік етуі мен кейінгі ұрпаққа жол сілтеу бағытындағы мызғымас еркі олардың дүниеге көзқарасы мен шығармашылығындағы сабақтастық пен ұқсастықтарды қалыптастырғанын байқаймыз. Бұның жанды дәлелін 19- ғасырдағы Венгрия сыншыл реализм әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі болған жауынгер демократ ақын Шандор Петефи мен 20-ғасырдағы Қытайдағы қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі болған күрескер демократ ақын Таңжарық Жолдыұлы екеуінің шығармашылықтарынан іздестіріп, салыстырмалы әдебиеттің параллел зерттеу әдісі арқылы осы екі ақынның жасаған дәуір ортасы, жасампаздық жолы, өлеңдерінің тақырып көлемі жайлы талдау жасап көрелік.

Ақын Петефи туралы тоқталсақ, 19-ғасырда Европада аса зор өзгерістер туылғаны белгілі. 1789-жылы туылған Франция бұржуазиялық төңкерісі мың жылдан артық жалғасқан феодалдық үстемдікті аударып тастап, адамзат тарихындағы жаңа дәуірдің бетін ашты. Өне сол төңкерістің ықпалында Англия, Италия, Германия, Австрия, Испания, Португалия, Чехословакия қатарлы Европа елдерінде арт-артынан бұржуазиялық демократиялық төңкеріс жарыққа шығып, капиталистік шаруашылық, осызаманданған оқу-ағарту мен ғылым- техника істері қарыштап дамып, тұтас Европаны, жүйеден бүкіл дүниені дүр сілкіндірді. Міне, осындай күн сайын өрлеуге көтерілген төңкеріс толқынының кең таралуына байланысты идеялық ағымдардың ықпалында әр түрлі қайшылықтар шиеленісіп, зұлымдық пен озбырлық шегіне жетіп, Венгрияда ағарту қозғалыстары осымен қоса тарихқа әйгілі болған 15-наурыз қозғалысы сияқты бұржуазиялық демократиялық төңкерістер туылды. Әрі, осындай дабыралы күреске толы дәуірде Венгрия халқы, әсіресе, жастары ішінен шыққан заманның алдыңғы легінде тұрған бір топ демократ төңкерісшілдер, алғабасар көркемөнершілер, ағартушы қайраткерлер, қоғамдық реформашылдар ортаға шықты. Олар өз дәуірінің реал жағдайын терең түсініп, оған сәйкес келетін үздік идеялық ағымдарды қабылдады. Демократиялық төңкерістің туын биік көтеріп халықты оянуға, еркіндік-азаттық үшін күрес жасауға шақырды. Ең маңыздысы олар өздері жетекші болып сол қайнаған төңкерістік қимыл ұйымдарының ұйымдастырушылары, әрі, жүзеге асырушылары болды. Төңкерісшіл демократ ақын Шандор Петефи міне осындай қайнаған күрес дәуірінде жетіліп шыққан, алыптарының бірі болып табылады. Осындай бір тарихи дәуірдің туындысы болған ақын Шандор Петефи газет, журнал істерінің алғабасар мәдениет және әдебиет істерін өркендету, халықты тәрбиелеу, қоғам дамуын ілгерілету жақтарындағы маңызды ролын танып жетіп, 1948 жылы Будапештке келіп, «Пешит-мода» газетінде редакторлық істейді. Сонымен бірге, алғабасар әдебиет-көркемөнер журналдарын шығарады. Өзінің «Менің жырым», «Бір ой мені мазалайды», «Бостандық пен махаббат» қатарлы күшті жауынгерлік, отаншылдық, демократизм және халықшылдық рухқа толы болған таңадаулы туындыларын жариялап, оны сол дәуірдегі озық әдебиеттің және алғабасар идеялогияның базасына айналдырды.

Ал Таңжарық туралы тоқталсақ, 20 ғасыр енген соң дүние жағдайында зор өзгерістер жарыққа шықты. Европа және орта Азия елдерінде жарыққа шыққан және күн сайын зорайып отырған реформа мен төңкеріс толқынының ықпалында жаңаша ағарту мен ғылым-техника ерекше дамып, алғабасарлық пен дамудың жаңа бейнесі барыққа келді. Қытай жерінде 1911 жылы неше мың жылдық феодалдық үстемдікке соққы берген Шинхай төңкерісі туылды. Оның ықпалында Шыңжаңда әр ұлт халқының зұлымдық пен езгіге қарсы төңкерістік

кимылдары өрлеуге көтерілді. 1917 жылғы қазан төңкерісінің жеңісі адамзат тарихында шұғылалы жол ашты. Қытайдың Шыңжаң районуна да алғабасар идея ағымдар таралып, дәуірдің көреген қайраткерлеріне ықпал жасады. Демек Қытай елінің іші-сыртында төңкерістік күрестер өрлеуге көтерілген, адамзат қоғамы алғабасарлық пен дамуға бет алған жаңа ғылым-техника нәтижелері мен алғабасар идея ағымдар таралып жатқан тарихи шарт-жағдайда әне сол күрес дәуірінің туындысы боған Шыңжаңдағы әрқайсы ұлттардың бір топ демокат төңкерісшілілері, озық акын-жазушылары, қоғам реформашылары және ағартушы қайраткерлер дүниеге келді. Олар өз дәуірінің реалдығын терең талдап түсініп, алғабасар ой-сананы қабылдап, көкірек кере майданға шығып, зұлымдық пен озбырлыққа қарсы күрестің шайқас жырын шырқады. Әр ұлт халқын қараңқылықтан оянуға, ғылым-өнер игеруге, еркіндік-азаттық үшін күрес жасауға шақырды. Ең маңыздысы, олар өздері жетекші болып, сол күрес қосынының үздік ұйымдастырушылары әрі белсенді орындаушылары болды. Акын Таңжарық Жолдыұлы әне сондай күрес дәуірінде өсіп жетілген, әрі, күрестің алдыңғы легінде болған дәуір қайраткерлерінің немесе сол дәуірдің күрескер дауылпаздарының бірі болып табылады.

Міне осындай шұғылалы тарихи дәуірдің перзенті сол дәуір әдебиетінің үздік өкілі болған акын Таңжарық та газет-журнал істерінің озық мәнедиет және әдебиет істерін гүлдендіру, халық бұқарасын ояту, қоғамдық дамуды тездету жағындағы маңызды ролін толық түсініп жеткедіктен де зор күш жұмсап, 1934 жылы қазақ тіліндегі «Іле Шыңжаң газетін» бас болып шығарады және алға басар журналдар шығару істеріне тікелей жетекшілік етіп, онда өзінің «Оқып көр газетімді», «Мыс қазан», «Жастарға» қатарлы күшті жауынгерлік, демократиялық, халықшылдық, ағартушылық рухына толы таңдаулы өлеңдерін жариялап, оны сол дәуірдің озық мәдениеті мен әдебиетінің және идеялогиясының маңызды базасына айналдырған.

Демек, акын Петефи мен Таңжарық екеуі де жалынды күрес ішінде өсіп жетілген, өз дәуірінің алдыңғы қатарындағы төңкерісшіл, демократ акын әрі алғабасар журналистер болып табылады.

Петефи 1823 жылы Венгрияның Жышклош қыстағында кедей қасап отбасында дүниеге келген. Ол кішкентайынан шешен, ақылды бала болғандығы үшін, өз ауылында сауатын ашқан, әрі жалғасты құлшынып үйреніп мәдениет өресін жоғарлатып отырған. 1844 жылы ата мекенінен айырылып, Будапештке келіп, алғабасар қоғамдық қимылдармен шұғылданған. Міне бұл оның саяси көзқарасында зор бұрылыс тудырған. Ол балалық дәуірінен тартып, еңбекші халық арасында жасағандықтан, олардың өмір тауқыметін, арыз-арманын толық түсінген. Осы барыста Венгрия халық ертегілерін, өлең-жырларын, эпос, дастандарын сүйіп оқыған. «Баконжон» сияқты халық дастандарын және көптеген халық жырларын жатқа білген. Венгрия еңбекші халқының мол тіл байлығынан кең сусындап, өзінің тіл өнерін ұштай түсумен бірге, неміс және ағылшын тілін үйренген. Шығармашылық сапарында Вилсымарып, Шекспир, Генрих Гейне қатарлы Венгрия және басқа Европа классиктерінің шығармаларынан үлгі алған. Сонымен бірге, Шекспир, Генрих Гейне қатарлы авторлардың шығармаларын Венгер тіліне аударған. Өзінің қысқа ғана өмірінде күшті жауынгерлік рухқа толы, алғабасар тақырып мазмұнына ие, толып жатқан өлеңдер жазып, ел ішінде ықпал тудырған.

Таңжарық Жолдыұлы 1903 жылы Іле қазақ автономиялы облысы Күнес ауданында бір кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Ол бала кезінде зерек, ақылды, әкесі де саналы, ашық ойлы адам болғандықтан білім-өнер үйренуге кішкентай кезінен бастап талпынған. Ол алғашында өз ауылындағы Мыңбай, Әбдімәжит қатарлы ұстаздарынан тәлім алған және екі жыл ауылдағы бастауыш мектепте оқыған. Онан соң, Күредегі Шуетаңға барып білім алған. Кеңес одағында үш жыл тұрған кезінде сол жердегі ашылған курсыларға қатысып, бұл барыста ол түрлі пәндерді үйренуден сыртту Шағатай, Ханзу, Орыс тілдерін үйренген. Бұл оқулар оның дүниеге көзқарасында аса зор бұрылыс тудырған. Ол бала кезінен тартып бәйіт, ертегі, жұмбақ секілді халық ауыз әдебиетіне ерекше қызыққан, әрі сүйіп оқыған.

Халық арасына таралған «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Ләйлі-Мәжнүн», «Қызжібек» дастандарын жаттап алып, оның тіл қолдану шеберлігінен үлгі алған, тақпақтай сөйлеуге әдеттенген. Халықтың мол тіл байлығынан пайдаланып, өзінің тіл қабілетін үздіксіз өсіріп отырған. Ол Кеңес одағында тұрған кездерінде Абай, Жамбыл, Пушкин, Крилов, Лермонтов қатарлы қазақ және орыс классиктерінің шығармаларынан өнеге алған. Орыс классик әдебиетінің бір бөлім атақты өкілдерінің туындыларын қазақ тіліне аударған. Өзінің қысқа ғана ғұмырында жауынгерлік рухқа толы, алғабасар идеяға ие көптеген өлеңдерін жазып ерекше ықпал тудырған.

Демек, ақын Петефи мен Таңжарық екеуі де қоғамның төменгі сатысындағы кедей еңбекші отбасында дүниеге келген. Еңбекші халықпен етене жақын болған, сол себепті де алғабасар ой-ағымдардың әсерін тез қабылдайтын күшті идеялық негізге ие болған. Олар өз ұлтының классик әдебиеті мен халық ауыз әдебиеті дәстүрлеріне мұрагерлік ету және одан нәр қабылдаумен бірге басқа ел және ұлттардың классик әдебиетінен де үйренген, одан үлгі-өнеге алған. Өз ұлтының қарапайым, бай, әсерлі халық тілін құлшына үйреніп және оны өз жасампаздығында белсенді қолданумен бірге басқа туысқан ұлттардың тілін де құлшына үйренген. Олар өздерінің келелі тақырыптарға құрылған әдебиет жасампаздықтары арқылы өз ұлтының әдебиет жасампаздығын байытумен бірге оның дамуын мазмұн және форма жақтағы таңдаулы үлгілерімен қамдау үшін әдеби аудармамен де шұғылданған. Олар өз жасампаздық әмәлияты барысында өздеріне тән озық әдебиет көзқарасы мен слобын қалыптастырған өз ұлттарының әдебиет тарихындағы орны мәңгі өгейсімейтін ұлы тұлғалары болып табылады.

Ақын Петефи өзінің қысқа ғана жасампаздық өмірінде дастан, лирикалық өлеңдер, сахналық шығармалар, әңгіме, роман қатарлы сегіз жүзден артық мол әдеби мұрасын қалдырып кеткен. Ол Венгрия еңбекші халқының заманнан бері жалғасып келе жатқан қарапайым бірақ ең белсенді идеяларды толық бейнелеп бере алатын халық тілін құлшына үйреніп, әрі оны өз жасампаздығында шеберлікпен қолданып, халық өмірін шынайы аңыс еткен үздік туындыларын жазады. Петефи жасампаздығының мазмұн айдыны аса кең болып онда сол дәуірдің ең маңызды әрі озық мәселелері бейнеленген. Ол өзінің таңдаулы туындыларында Венгрия еңбекші халқының өмірі мен күресін шыншылдықпен бейнелеп, оны халық жүрегіне ұялатқан. Ол өзінің «Кең сарай мен құжыра» атты өлеңінде:

Сұлу сарай құлпырасың жай күні,

Мұның бәрі қарақшының байлығы.

Біреулердің қуанышын қайырып,

Қайырасың өздеріңе қайғыны.

Быт-шыт болар күніңді енді санаймын.

Сен ағарттың бұйра бас пен самайды.

Көреміз біз әлі сені қираған,

Қурап қалған бас сүйегін талайдың, -

деп толғайды. Міне бұл ақынның таңдаулы лирикалық өлеңдерінің бірі. Ақын өлеңінде күшті сезім арқылы қат-қабат өктемдік ішінде жасап жатқан жапакеш халықты үміткер болуға, көркем болашаққа талпынуға үндейді. Дүниенің нағыз қожасы халық екендігін ортаға қойып, өзінің төңкерістік жігерін әйгілейді.

Ақын Таңжарық та өзінің тұтас жасампаздық өмірінде дастан, қиса, лирикалық өлеңдер, айтыс және сатира қатарлыларды қамтыған үш жүзден артық шығарма жазған. Жоғарыда атап өткеніміздей ол қазақ халқының ұзақ ғасырлардан жалғасып келе жатқан қарапайым, табиғи, бірақ, терең мазмұнды бейнелеп бере алатын халық тілін өз жасампаздығында шеберлікпен пайдаланып, реалдықты шыншылдықпен аңыс етіп, өз туындыларын сол дәуір өмірінің айнасына айналдырған. Туындыларында халық жұртшылығы ең көп көңіл бөлген тақырып, мазмұнды толық бейнелеп берген. Халықтың көңіл күйін батылдықпен аңыс еткен. Мысалы, ол өзінің «Арманым менің» атты өлеңінде:

Аударып феодалдық өктемдікті,  
Қай уақытта атар екен таңым менің.  
Қапаста шырылдаған боз торғаймын,  
Бұлбұлдай естілер ме әнім менің.  
Есе алса езілгендер зұлымдардан,  
Түрленер еді сонда сәнім менің.  
Көксеген арманым жетіп өлсем,  
Шірімес қабырда да тәнім менің.

Міне бұл Таңжарықтың күрескер саяси лирикасы, ақын өлеңінде тасқындаған жігермен, биікте тұрып алысқа назар тастайды, қапаста тұрып көркем болашаққа талпынады. Күшті үміткер рух арқылы өзінің жалынды төңкерістік жігерін, халық жұртшылығының көңіл күйін аса батылдықпен аңыс еткен.

Ақын Петефи мен Таңжарық екеуі де өз дәуірінің ысылған әктёрлері, әрі қызметшілері еді. Петефи өзінің бүкіл жасампаздық өмірінде драма жасампаздығына ерекше мән берген. «Жолбарыс пен Қасқыр» қатарлы саханалық шығармалар жазған, Шекспирдің пиесаларын аударған. Саханаға шығарған туындыларында өзі бас болып түрлі ролдарға шыққан, драма әктёрлігі қызметін тыңғылықты істеген. Таңжарық Қазақ халқының әйгілі жазушысы Бейімбет Майлинның «Шұға» атты туындысын сахналаластырған, әрі өзі ондағы кейіпкер Әбдірахманның ролына шыққан. «Еңлік-Кебек» операсында Кебектің ролын алған. Ол жазған айтыс туындылары халықтың саханалық туындылар екершелігіне ие болған.

Ақын Петефи мен Таңжарық екеуі де өз ұлтының классик әдебиетіндегі дәстүрлі кейіпкерлердің сол дәуір әдебиетін көркейтудегі маңызды ролын толық түсініп, оларды өз жасампаздығында пайдаланып, дәуір рухын бейнелейтін зор тәрбиелік маңызға ие типтік образдар жаратады. Бұған Петефи мен Таңжарық дастандарында жаратылған обырлар мысал бола алады.

Петефи немесе Таңжарық болсын екеуі де өзінің жасампаздық әмәлияты барысында ортақ түрде реалистік жасампаздық әдісін де, романтизмдік жасампаздық әдісін де қолданады. Бірақ, олардың жасампаздығында реализмдік әдіс бастан-аяқ жетекші орында тұрды. Әр екі ақынның жасампаздығында лирикалық өлеңдер салмақты орын иелейтін болса да, бірақ, оның ішінде халық бұқарасы ең көңіл бөлген, өз дәуірінің ең басты қоғамдық, саяси мәселелеріне саятын жеңімпаз саяси лирикалар негізгі орын иелейді. Сонымен бірге, олардың басқа лирикалық өлеңдерінің сол дәуірдің ең басты келелі қоғамдық мәселелеріне шарпу болған көлемі де ерекше кең болған. Айталық, ақын Петефидың «Бостандық мен махаббат» атты өлеңіндегі:

Махаббат және бостандық,  
Білмеймін бұдан басқанды.  
Махаббат қонса қолыма,  
Өмірім беріп аламын.  
Еркіндік үшін соны да,  
Құрбандыққа шаламын,—

дейтін жыр жолдары ақынның пақ махаббат сезімі, бейнеленген махаббат лирикасы еді. Бірақ ақынның бұл бір шумақ өлеңінің соңғы жолдары сол тұстағы Вергерия халқының алдындағы ең маңызды мәселе болған бостандық, азаттық мәслесін ең басты, әрі келелі іс ретінде ортаға қойып, Венгрия халқының ең көкейтесті арман-тілегін бейнелеп, өлеңнің саяси тенденциясын күшейте түскен.

Ақын Таңжарықтың «Тау табиғаты» атты өлеңіндегі:

Тағынып қара түйме, қабақ түйіп,  
Ырғалып, ызғарланып, күшін жиып.  
Долданған дәу перідей гу-гу етіп,  
Әрең тұр қара тонға зорға сийып,—

деген өлең жолдары әсілі тау табиғаты көрінісі суреттелген туынды еді, алайда, автор бұл арада бір жақтан оны халықтың қара түнек қоғамға күшті қарсылығының символы ретінде сомдап, халықтың кекті сезімін әйгілеген, әрі күшті саяси тенденцияға ие болған.

Ақын Петефи мен Таңжарық өз кезінде ұқсас түрде халықтың мұң-мұхтажын толық түсініп, кертартпа өктемдіктің халыққа келтірген ауыр заттық және рухани қасіретін кектене айыптаған, еңбекші халық бұқарасын еркіндік-азаттық үшін күрес жасауға үндеген, әрі, ең маңыздысы, өздері сол күрестің атойшылдары және ержүрек орындаушылары боған.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Петефи мен Таңжарық шығармашылығының тақырып айдыны өте кең болып, олар өскелең отаншылдық, айқын халықшылдық, күшті күрескерлік, тығыз ынтымақ-бірлік қатарлы ортақ тақырыптарда қалам тербеген. Бұл тақырыптардың екі ақын шығармаларында көркемделуі жағынан жақындығын, сондай-ақ олардың өлеңдерінде бейнеленген философиялық идеялардың етенелігін жеке-жеке талдау, саралау арқылы дәлелдеуге болады.

Қорытындылап айтқанда, Екі ақын шығармашылығын ғылыми тұрғыдан зерделегенде, ондағы ортақ идеяны, ұқсас тақырып аясында қалам тартуды, бағыттас сарынды сезінуге болады. Жалпы ұқсас заманда өмір сүріп, белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік жағдайды басынан өткерген ақындық ортада да ұқсастық, жалғастық басым болатындығын, Ой-арман бірлігі, көзқарастарындағы ынтымақтастық, белгілі жанрлардағы қолдасу, тақырыптар арнасының бағыттастығы, күрескерлік рух, ұлтжандылық, қоғамға қарсы кекесін мен мысқылдың жауынгерлік сипатпен астасуы сияқты қадір-қасиеттер ұқсас дамығандығын байқауға болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Петефи өлеңдері. Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, 2004.
2. Таңжарық таңдамалы шығармалары (3 том), Үрімжі: Шынжаң халық баспасы.

3. Чын Дун, Сун Жяняу: Салыстырмалы әдебиет. Пекин: Жоғары білім баспасы.
4. Жың Хоңшын, Шу Кычуан: Шетел әдебиетінен маңызды түйіндер. Хұнан халық баспасы.
5. Мөмін Сапари: Ақын Танжарықты еске алғанда (ұйғұрша). Ілс айдыны, 1983, № 2.

### **Resume**

In an article in the comparative aspect of creativity considered Kazakh chinese poet Tanzharyk Zholdiuly and the great poet of Hungarian people Petefi.

### **Резюме**

В статье в сравнительном аспекте рассматривается творчества казахского китайского поэта Танжарыка Жолдыулы и великого поэта венгерского народа Шандора Петефи.

### **Özet**

Bu makalede karşılaştırmalı yönüyle kazak çin şairi Tancarık Joldıulı ile Macar halkın büyük şairi Şandor Petefinin yaratıcılıkları, eserleri araştırılıyor.